Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 маусым сейсенбі
№49 (1854)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Су тапшылығы – әлем елдерін алаңдатып отырған мәселе. Бір күннің ғана емес, болашақтың мәселесі саналатын су тақырыбы Мәжілісте арнайы қозғалды. Өткен аптада Мәжілісте «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» тақырыбында парламенттік тыңдау өтті.

СУ БІР КҮННІҢ ҒАНА МӘСЕЛЕСІ ЕМЕС

Мәжіліс пен Сенат депутаттары, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, су саласының ғалымдары мен мамандары, шетелдік және отандық сарапшылар қатысқан тыңдауда елдегі су проблемасы егжей-тегжейлі талқыланды. Келешекте су ресурстарының тапшылығы көкейтесті мәселеге айналатынын алға тартқан Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов су саласындағы күрделі мәселелерді тілге тиек етті.

– Су ресурстарының күрделі мәселелері әлі де бар. Біріншіден, Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында бес жылда қалалар мен ауылдарды 100 процент ауыз сумен қамтамасыз ету міндетін жүктеді. Бірақ әлі 1543 ауыл немесе 544 мың адам таза сумен қамтамасыз етілмеген. Демек бұл бағыттағы жұмысты әлі де күшейту қажет. Кейбір облыстарда бұл бағытта тиісті жұмыстарды атқару керек. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлер негізгі су тұтынушы болып саналады. Қазақстан 2030 жылға дейінгі суармалы жердің көлемін 3 млн гектарға дейін жеткізуі керек. Алайда суармалы егіншіліктің одан әрі дамуына ирригация жүйелерінің тозуы кедергі келтіріп отыр. Елімізде гидротехникалық құрылғылардың 90 процентінің техникалық жағдайы төмен. Сондықтан гидротехникалық құрылғыларды жаңғырту керек. Былтыр 248 мың гектар алқап су үнемдейтін технологиямен жабдықталған. Бұл жеткіліксіз көрсеткіш. Бұдан басқа, дамыған елдердегідей су тұтыну мәдениетін қалыптастыру қажет, – деді Е.Қошанов.

Еліміздегі су ресурстарын дамыту мәселесі талқыланған жиында бірқатар ұсыныс та атап айтылды. Мәселен, суға қатысты өзекті мәселенің бірі су саласына жауапты түрлі мекемелердің болуы. Атап айтылғандай, сумен жабдықтау көздері мен топтық сутартқыштарға Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жауап берсе, елді мекендерді сумен жабдықтауды дамытуға Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жауапты. Жоспарлау, салу, пайдалану тағы бір мекеменің құзырына жатады екен.

2 БЕТТЕ

МАҚСАТ – АЙҚЫН, ҰСТАНЫМ – НЫҚ

Әлімсақтан тіршілігі жалғасып келе жатқан дөңгеленген дүниенің иіріміне еру, еріп қана қоймай жаһан жаңалықтарының бел ортасында болу оңай шаруа емес. Әркім өз күйін күйттеген заманда өз елінің мақсатын айқындап, ұстанымын нықтап, жаңа даңғылға бағыттау да қиынның қиыны. Әйтсе де республикамыздағы соңғы жаңалықтар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құруға ұмтылған Жаңа Қазақстанның жай қиял не бос сөз еместігін айқындай түскендей. Оған заңдық тұрғыда жаңғыруға негіз боларлық референдум мен мемлекет мүддесі үшін жұмыс жасайтын ұлттық құрылтай дәлел бола алады. Ол аз десеңіз Петорбор төрінде Президенттің Қазақстан ұстанымына қатысты сөзін де дәлел етейік. Тіпті Иран жерінде қазақша көсіле сөйлегенін қосайық.

Референдум: ҚАЙ БАПҚА ӨЗГЕРІС ЕНДІ?

Қазақта «тойдың болғанынан боладысы қызық» деген сөз бар. Референдум туралы айтыла бастағанынан-ақ ел ішінде «тағы не шығарайын отыр?», «мұның халыққа қаншалықты пайдасы бар?», «бүкіл заңды билік өзіне ыңғайлап алмай ма?» деген сыңайдағы әңгіме жүрді. Әйтсе де республика көлемінде арнайы штабтар құрылып, халықпен кездесіп, Ата заңға енгелі тұрған өзгерістер түсіндірілді. Нәтижесінде ел халқының басым бөлігі Жаңа Қазақстанды құруға негіз боларлық референдумға барып, дауыс берді.

Мемлекет басшысы референдум қорытындысы бойынша жасаған үндеуінде Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіретінін атап өтті.

– Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Күні кеше Парламенттің бірлескен отырысы өтіп, онда Конституциялық Кеңестің төрағасы Қайрат Мәми республикалық референдум нәтижесінде мақұлданған конституциялық түзетулер қоғам мен мемлекетті одан әрі жаңғыртудың құқықтық негіздерін қалағанын атап өтті.

Еліміздегі орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің мәлімдеуінше, референдумға қатысу құқығы бар республика азаматтарының жалпы саны 11 734 642 адамды құраса, дауыс беруге 7 986 293 азамат қатысқан. Бұл референдумға қатысу құқығы бар азаматтар санының 68,06 пайызын құрайды. Дауыс берген азаматтардың басым бөлігі жаңғыру мен жаңаруды, өзгерісті қолдаған.

Референдум арқылы Конституцияға қандай өзгеріс енді? Көпшілік қауым әлі де дұрыс біле бермеуі мүмкін. Біз сол себепті де қай бапқа өзгеріс енгенін жаза кеткенді жөн көрдік. baq.kz таратқан ақпаратқа сүйенсек, бұдан былай Конституциямыз 99 баптан тұрады. Сондай-ақ референдум қорытындысы бойынша Ата заңдағы 4, 6, 15, 23, 24, 42, 43, 44, 46, 47, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 61, 62, 71, 72, 73, 74, 78, 82, 83, 87, 88, 91-баптарға өзгеріс енді.

Заңгерлер жекелеп талдап қандай өзгеріс болғанын айта жатар, дегенмен қолданыстағы Конституцияға осыншама өзгеріс енгізу оңай шаруа емес. Десе де бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жоқ. Президенттің өз сөзімен айтсақ, мұның бәрі Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасалған. Ал Жаңа Қазақстанды құру жолында ел болып жұмыла білуіміз керек.

2 БЕТТЕ

ЖАҢА МИНИСТРЛІКТЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Әбу Насыр әл-Фараби «Ғылымы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр» деген. Әлемнің алдыңғы қатарлы елдері ғылымды дамытпай, экономика мен әлеуметтік жағдайды түзеу мүмкін еместігін түсінді. Сондықтан да озық білім мен инновациялық технологияларды дамытуға көңіл бөлді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрлігін екі ведомствоға бөлуді ұсынған болатын. Оның бірі тек ғылым және жоғары біліммен айналысады. Президенттің сөзінше, Қазақстанда ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын арттыратын Ұлттық пікір айту жүйесін құру керек. Бұл қадам қазақстандық ғылыми журналдардың әлеуетіне серпін береді.

Сонымен елімізде Оқу-ағарту және Ғылым және жоғары білім министрліктері құрылды. Президент Жарлығымен Оқу-ағарту министрлігін Асхат Аймағамбетов басқарады. Ал Ғылым және жоғары білім министрі болып Саясат Нұрбек тағайындалды. Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру, сондай-ақ инклюзивті білім беру мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері Оқу-ағарту министрлігіне берілді. Ал жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру, тіл саясаты, ғылым, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету саласындағы функциялар мен өкілеттіктер Ғылым және жоғары білім министрлігіне өтті.

4 БЕТТЕ

ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

ЖАБЫҚ ЕСІК ІШІНДЕГІ ӨМІР

– репортаж –

Біздің газеттегі әр саланың қызығы мен шыжығын баян ететін және олардың бір күндік жұмысының қыр-сырымен таныс қылатын «Журналист басқа мамандықта» айдарын көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Бүгін біз Қызылорда облысы Қылмыстық атқару жүйесіне қарасты ЗК-169/1 республикалық мемлекеттік мекемесіне (тергеу изоляторы) ат басын бұрдық.

Изоляторда еңбек ететіндер қызметтің қиындығына қарамай құқықтық тәртіпті сақтап, өз міндеттерін атқаруда. Бүгінгі әңгіме ауаны сол жайында болмақ.

3 БЕТТЕ

ТӘТТІГЕ ТАЛАСҚАН ЖҰРТ ТАҢ АЗАНЫМЕН КЕЗЕКТЕ ТҰР...

Дәл осы уақыт – халықтың түрлі жеміс-жидектен тосап дайындайтын кезеңі. Соған байланысты тұрғындар қантты жаппай сатып алып жатыр. Тіпті кейбір дүкендердің сөрелерінде тез таусылып қалуда. Осыған орай елімізде қайтадан қант тапшылығы туындап отыр. Бүгінде халықтың бар назары әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің қымбаттауында емес, оның тапшылығында болып тұр.

Тұрғындар сауда үйлерінде ұзынсонар кезекке тұрып, құмшекерді жаппай сатып алуда. Соның салдарынан кіші дүкендерде аталған өнім қалмай отыр. Кейбір жеке кәсіпкерлер осы жағдайды пайдаланып, жоғары бағадан беруде. Ал ірі сауда үйлері қантты тәулігіне шектелген мөлшерде шығаруға мәжбүр. Осылайша құмшекердің қымбаттағаны рас. Біздің аймақта оның бағасы 800 теңгеге жетті.

Расында, қазір құмшекер облыс бойынша ғана емес республика көлемінде өзекті мәселеге айналып отыр. Оның басты себебі Ресей мен Украина арасындағы қалыптасқан жағдайға байланысты. Біздің аймақ негізінен қант нарығында импортқа тәуелді. Сыр өңіріне осы кезге дейін қант өнімі Жамбыл, Алматы облысындағы қант зауыттары мен Ресей елінен тасымалданып келді. Сондай-ақ қант Бразилия елінен Ресей арқылы жеткізілді. Қазіргі кезде Ресей арқылы әкелінетін шикі зат басқа логистикалық жолмен тасымалдануда. Сондықтан ол қант бағасының өсуіне өз әсерін тигізуде. Өйткені арақашықтықтың ұзаруы қосымша шығындарға әкеп соғуда.

– Біздің тарапымыздан бағаны тұрақтандыру мақсатында «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы тұрақтандыру қорына 272 тонна қант сатып алынып, 38 әлеуметтік дүкен мен 14 әлеуметтік бұрышта төмен бағада тұрғындарға ұсынылуда. Осы жағдайды пайдаланып, кейбір шағын дүкен иелері қант бағасын көтеріп сатуда. Бүгінде облыс бойынша қанттың орташа бағасы 491 теңгені құрайды. Ал әлеуметтік дүкендерде құмшекер 370 теңгеден сатылуда. Қазіргі кезде аймақта жалпы қоры 247 тонна қант бар. Сонымен қатар тікелей қант зауыттарынан 680 тонна қант өнімін сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Ал жыл аяғына дейін 3315 тонна қант көлемін сатып алу жоспарлануда. Сондықтан ешқандай байбалам салудың қажеті жоқ. Өйткені тұрақтандыру қорында қант қоры жеткілікті, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Жалпы аймақтағы тұрақтандыру қорында тауарларды сақтауға арналған 5250 тонналық 2 қойма бар. Оның біріншісі 2011 жылы, ал екіншісі 2020 жылы пайдалануға берілді. Бүгінде тұрақтандыру қорында 393,5 млн теңге көлемінде 759,9 тонна өнім қоры бар.

«Байқоңыр» ӘКК АҚ басқарма төрағасы Нұржан Ахатовтың айтуынша, әлеуметтік дүкендердегі өнімдердің бағасы нарықтық бағадан төмен болғандықтан, алыпсатарлыққа жол бермеу үшін әлеуметтік дүкендерде және бұрыштарда мөлшерлеп қана босатылуда. Мәселен, бір сатып алушыға нан – 4 дана, қант – 2 келі., картоп – 5 келі, сәбіз – 2 келі, өсімдік майы 1 литрден берілуде.

Бүгінде облыс бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен күнбағыс майы, қант, тауық жұмыртқасы, қырыққабат және басты пияз өнімдерін сату бағаларына үстемақы қосылуына байланысты тексеру жүргізілуде. Одан бөлек қала тұрғындарынан «Магнум» гипермаркетіндегі және «Смолл» супермаркетіндегі азық-түлік тауарларының бағаларына қатысты 6 арыз келіп түскен. Соған байланысты осы жылдың наурыз айында «Магнум» гипермаркетіндегі қырыққабат, сәбіз, пияз және «Смолл» супермаркетіндегі қант, ас тұзы, картоп, сәбіз, пияз бағаларына қатысты 4 арыз-шағым негізінде жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Ринат Сұлтангереев мәлімдеді.

Дегенмен күннен-күнге азық-түліктің бағасында өсу бар да түсу жоқ. Бұрын бес мың теңгеге бір пакет зат алсақ, қазір тіпті ол ақшаға екі-үш заттың өзі әрең түседі. Осыған дейін маусымдық кезде ғана өсіп, қайта қалпына келуші еді. Ал бүгінде өскеннің үстіне өсуде. Себебі күнде базарға немесе дүкенге бара қалсаң, әйтеуір бір заттың қымбаттағанын аңғарасың. Қанша жерден қадағалау болса да бағаның шарықтауына ешқандай тұсау болмай тұр. Әйтпесе, қатаң тексеріспен талап болса, баға аспандамай тұрақталар еді. Сіз қалай ойлайсыз, ойлы оқырман?!

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

МАҚСАТ – АЙҚЫН, ҰСТАНЫМ – НЫҚ

ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ ҚИСЫНДЫ СӨЗ

Ұлт ұясы саналатын Ұлытау төріндегі құрылтайдың өткеніне де әлі он күн тола қойған жоқ. Қандай мәселе көтеріліп, не айтылғанын газетіміздің өткен санына жариялаған болатынбыз. Сол себепті де егжей-тегжейлі тоқталмасақ та Президент қозғаған бірлі-жарым мәселені сөз еткенді жөн көрдік.

Несін жасырамыз, Жаңа Қазақстан туралы бастама көтерілісімен ел ішінде «ескі кадрлармен Жаңа Қазақстанды қалай құрады?» деген сыпсың әңгіме жүрді. Ұлытаудағы құрылтайда Президент бұл сауалға былайша жауап берді.

– Әлеуметтік желіде «Ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл – орынды сұрақ. Бірақ негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек. Тіпті кезінде Ресейде, Қытайда, Иранда болған революциялардан кейін де бұрынғы режимнің шенеуніктері мемлекеттік қызметін жалғастырған. Бұл елдермен салыстырғанда біздегі жағдай, әрине, мүлде басқаша. Жалпы мемлекеттік қызметшілерді қолынан түк келмейді деп кемсітуді доғару керек. Тіпті оларды «Халық жаулары» сияқты көретіндер бар. «Шенеунік» деген сөз жағымсыз ұғымға айналып барады. Бұл – дұрыс емес. Мемлекеттік қызметте адал әрі білікті кадрлар өте көп. Олар Отанымыздың игілігі жолында тынбай еңбек етіп жүр. Бірақ өкінішке қарай, «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген де бар. Ондай адамдармен біз бірден қоштасып жатырмыз, – деген Мемлекет басшысы қазақ тілінің мәртебесіне де тоқталды.

– Мемлекеттік тілдің тұғыры күн өткен сайын нығайып келеді. Оған қоса, әлемнің басты ақпарат құралдары қазақша шығып жатыр. Жақында әйгілі «APPLE» компаниясы қазақ тілін iOS-тың тілдер жүйесіне қосты. Әлемнің 40 тілінде таратын «NICKEL ODEON» телеарнасы қазақша көрсетіле бастады. Жастардың бастамасымен «NATIONAL GEOGRAPHIC» журналы 6 жылдан бері ана тілімізде жарық көруде. Осындай көптеген жағымды жаңалықтар бар. Сондықтан қатты алаңдауға негіз жоқ деп ойлаймын. Десек те осы саладағы жұмысымызды даңғаза жасамай, табандылықпен жүргізуіміз қажет. Қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі жасай береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жауапкершіліктен жұрдай блогерлер мен масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар жайлы да пікір білдірді.

– Отбасын асырау үшін табанды еңбек етіп жүрген, заңға бағынатын адамдар құрметке ие болу керек. Өкінішке қарай, бізде көше бұзақылары, жауапкершіліктен жұрдай блогерлер және масылдық пиғылдағы айқай шығаратын адамдар бүгінгі күннің батырына айналды. Депутаттар мен атқарушы билік өкілдері соларға ғана баса мән беретін болды. Түрлі деңгейдегі шенеуніктер солардың ғана талабын орындауға жүгіреді. Орталықтағы және аймақтардағы билік барлық азаматтың мұң-мұқтажына бірдей қарауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Құрылтайда қазақтың Мұхтар Шахановтай заңғар ақынына «Қазақстанның Еңбек ері» атағы беріліп, кеудесіне «Отан» ордені тағылды. Президенттің бұл шешіміне бүкіл республика жұрты разы болды.

ПЕТЕРБОР ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Петербор қаласында өткен халықаралық экономикалық форумға қатысты. Дәл осы форумда кейбір ресейлік азаматтардың Қазақстанға қатысты мәлімдемелеріне наразылығын білдірді.

–Мен бірқатар ресейлік депутаттардың, белсенділердің Қазақстанға қатысты айтқандарына, мүлдем дұрыс емес мәлімдемелеріне байланысты наразылығымды білдіргім келеді. Шынында да, бізде дабыра қылатындай ешқандай мәселе жоқ. Мұндай орынсыз пікірлер біздің халықтарымыздың арасындағы қатынасқа және Ресей федерациясының өзіне зиян келтіреді. Бұл мәлімдемелер маған мүлдем түсініксіз. Бұл қайраткерлер кейде Қазақстан басшылығының шешімдеріне немесе елімізде болып жатқан оқиғаларға оғаш пікір білдіргенде «бұлар кімнің диірменіне су құйып жүр?» дегің келеді, – деп біздің еліміз хақында теріс пікір білдіретіндерге қатысты ойын батыл жеткізді.

Форумда Қазақстан Президентіне Луганск пен Донецкке қатысты да сұрақ қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев жымысқы сұраққа сұңғыла саясаткердің биігінде жауап қайтарды.

– Біздің қоғам ашық. Сондықтан түрлі пікір бар. Қазіргі халықаралық құқық БҰҰ Жарғысын негізге алады. Бірақ БҰҰ-ның екі қағидаты бір-біріне қарама-қайшы – олар мемлекет аумағының біртұтастығы және ұлттың өз таңдауын жасауға қатысты құқығы. Егер солай болса, бұл қағидаттар бір-біріне қарама-қайшы, түрлі түсіндірме бар, – деп атап өткен Мемлекет басшысы ұлттың өз таңдауын жасау құқығы жүзеге асырылатын болса әлемде 500-600 мемлекет пайда болатынын алға тартты.

– Бұл өз кезегінде дүние жүзінде бейберекетсіздік тудырады. Дәл сол себепті біз Тайваньды да, Косованы да, Оңтүстік Осетияны да, Абхазияны да мойындамаймыз. Демек біздің көзқарасымызға сәйкес бұл принцип квазимемлекеттік құрылымдар саналатын Луганск пен Донецкке де қатысты қолданылады, – деп мемлекет ұстанымын жеткізді.

Қазақстан Президентінің батыл ұстанымды сөзінен кейін жиында оған қарсы дау айтқан, пікір білдірген жан болмады. Республика жұрты ормандай орыстан ықпайтын басшысын мақтан тұтатынын әлеуметтік желі арқылы айтып жатты.

ИРАН САПАРЫ

Ресейден кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иранға сапар шекті. Журналистерге берген брифингте қазақ тілінде сөйлеген Тоқаевтың ана тіліміздің мәртебесін тағы бір мәрте асқақтата түскені анық. Бұл сапарда екі ел арасындағы байланысты нығайта түсу мақсатында сыртқы саясат, мәдениет пен спорт, сауда, тау-кен, ауыл шаруашылығы, мұнай, темір жол салаларына қатысты 9 түрлі құжатқа қол қойылды.

Осы 9 түрлі құжаттың ішінде «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы мен Иран Ислам Республикасы Телерадио хабарларын тарату компаниясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандум бар екенін айта кеткен абзал.

P/c.: Айналасы бірнеше күннің ішінде осыншама қыруар тірлік пен төрткүл дүние түгел көз тіккен ғаламдық жаңалықтардың бел ортасында жүрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақсаты айқын, ұстанымы нық екенін аңғаруға болады.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Басы 1-бетте

СУ БІР КҮННІҢ ҒАНА МӘСЕЛЕСІ ЕМЕС

Су мәселесін талқылаған тыңдауда жаңа Су кодексін тезірек енгізу қажеттігі де айтылды. Бұл орайда тағы да Мәжіліс төрағасының сөзін келтірелік: «Аудандар мен ауылдық округтердің әкімдіктері арасындағы басқарудың жүйесіздігі бірыңғай техникалық, кадрлық, тарифтік саясаттың болмауына алып келеді. Еліміздің су саласын дамыту үшін бірнеше ұсынысым бар. Біріншіден, жақын арада Парламент Мәжілісіне жаңа су кодексін енгізу керек. Мендегі ақпарат бойынша бұл Су кодексі министрлікте әзірленіп жатыр. Бұл құжатты біздің қарауымызға тез арада енгізу маңызды. Ең бастысы, кодекс су ресурстарын сақтауға және оларды тиімді пайдалануға бағытталуға тиіс», – деді Мәжіліс төрағасы.

Жаңа Су кодексінде қандай өзгерістер болады? Көп көкейіндегі негізгі сауал да осы. Парламенттік тыңдауда баяндама жасаған Премьер-министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов жаңа кодексте қандай негізгі бағыттар редакцияланатынын айтты. «Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында су үнемдеуді қолға алуды, сондай-ақ қалалар мен ауылдарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Бұл міндеттер басымдық ретінде белгіленді. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарына сәйкес су шаруашылығын дамытуды жақсарту, ирригациялық, су тарту құрылыстары мен дренаждық жүйелерді қалпына келтіру, жаңа су шаруашылығы объектілерін салу, топтық су құбырларын реконструкциялау және суды үнемдеу бойынша шаралар қабылдау қажет. «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасында жаңа су қоймаларын салу, су арналары мен гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау көзделген. Сондай-ақ суару арналарының жұмысын цифрлы басқаруды енгізу бойынша жұмыстар жүргізіледі, – деді Ералы Тоғжанов.

Парламенттік тыңдауда Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріндегі су мәселенің жайын көтерді.

«Сырдарияның 93%-і суы республикадан тыс жерлерден келетінін ескерсек, ең ауыр ахуал Арал-Сырдария бассейнінде қалыптасатын болады. Біріншіден, Қызылорда облысы трансшекаралық өзеннің ең төменгі ағысында орналасқандықтан жоғары ағыста орналасқан мемлекеттер мен өңірлердің ұстанымына еріксіз тәуелдіміз. Екіншіден, басқа облыстар сияқты бізде табиғи өсірілім егістік жерлер жоқ. Сондықтан біздің аймақ су шығыны көп, инженерлік жүйеге келтірілген суармалы күріш егісіне бейімделген, мелиоративтік жүйелер мен құрылыстарды ұстап тұруға мәжбүрміз және олардың техникалық жағдайына тікелей тәуелдіміз. Өңірдің тағы бір ерекшелігі, еліміздегі күріштің 90 процентін біздің аймақ өндіретін болғандықтан, республика бойынша суармалы судың 30 проценттен астамын тұтынамыз. Алайда күріш өсіру экологиялық маңызға ие және күріштік алқаптарды суға бастыру арқылы топырақтың тұздануын төмендетуге мүмкіндік береді. Сол себепті күріш егілмей қатты тұздалған топырақта басқа дақылдардың өсуі қиын. Осыған байланысты, күріш егісінің көлемін күрт азайтуға болмайтындығын және оған су үнемдейтін тамшылатып немесе жаңбырлатып суаратын технологияларды қолдану мүмкін еместігін де ескеру керек. Дегенмен, облыста ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтай отырып, күріш дақылының көлемін кезең-кезеңімен 75-80 мың гектарға тұрақтандыру бойынша жұмыстарды атқарудамыз», – деді облыс әкімі.

Сөз соңында облыс әкімі депутаттардан Арал теңізінің жағдайын сауықтыруға ерекше назар аударуды және Сыр өңірінде суды бөлу мен есепке алуды автоматтандыруды, сонымен қатар суару жүйелерін қайта жаңғырту жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуына ықпал етуді сұрады. «Қазіргі уақытта Арал теңізінің жағдайы алаңдатуда. Аралға судың түсуі қалдық принципі бойынша жүзеге асырылады. Соңғы 12 жылда Арал теңізінің суы 7 млрд м3-қа азайып кеткен. Ал теңіз өз жағасынан 15-20 метрге дейін тартылды. Өткен жылы Арал теңізіне келісілген су көлемінің тек 15,6%-і түсті», – деді аймақ басшысы.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ!

ТЕРГЕУ БӨЛІМІ ТАБАНДЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» Заң қабылдады. 2007 жылдан бері Қазақстанда 23 маусым – Полиция күні аталып өтілуде. Биылғы жылы қоғамдық тәртіпті қадағалап, ел тыныштығын күзеткен полиция қызметіне 30 жыл толды. Жауапты қызметкерлердің мерейлі мерекесінде халыққа қалтқысыз қызмет етіп жүрген жандарды оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Әуелхан Құдайберген өткен жылдан бастап Қызылорда қалалық полиция басқармасының тергеу бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарып келеді. Оған бөлім тергеушілерінің жұмысын ұйымдастыру, қылмыстық істерді зерделеп, нұсқау беру міндеті жүктелген. Бүгінде жауапты маманның бөлімінде 43 тергеуші бар. Олар қала көлемінде орын алған қылмыстарды тергеумен айналысады.

− Соңғы кезде қала көлемінде алаяқтық қылмыс көбейді. Соның ішінде әлеуметтік желіде алаяқтың арбауына түсетіндер көп. Бүгінде біздің бөлімнің мамандары осындай қылмыспен жиі кездеседі. Бұл соңғы уақытта пайда болған қылмыс болғандықтан кейде қиындық тудыратыны рас. Алайда біздің қызметте оңай ештеңе жоқ екені көпшілікке белгілі. Полиция кез келген кедергіден мүдірмей өтіп, қызметін адал әрі тиянақты атқаруы тиіс. Міне, осындай міндетті мойнымызға алғандықтан нәтижелі жұмыс істеу үшін бар жанымызды саламыз, − дейді полиция капитаны Әуелхан Сәлімжанұлы.

Мектепті бітірген соң ҚР ІІМ-нің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында жоғары білім алған кейіпкеріміз алғашқы қызметін қалалық полиция басқармасынан бастаған. Тергеуші лауазымынан бастаған ол жұмыс барысында аға тергеуші, облыстық полиция департаментінің тергеушісі қызметтерін атқарған.

− Полиция – жауапкершілікті мол жүктейтін қызмет. Әсіресе біздің бөлім мамандарына қылмыскердің кінәсін дәлелдеу, оған жауапкершілігін анықтау және жәбірленушіге келген шығынды өндіру секілді міндеттер жүктелген. Сондай-ақ полиция қызметкері уақытпен де санаспайды. Бұған бір дәлел ретінде жұмыс барысындағы бір оқиғаны айтайын. Бір алаяқ 50 адамды алдап, үстінен іс қозғалды. Сол кезде барлық кінәсін дәлелдеу үшін, істі аяғына дейін жеткізу үшін жұмыста қонып, үйге бармай жұмыс істеген кезіміз болды. Міне, осындай қиындықтар қызметте кездеседі, − дейді кейіпкеріміз. Алайда ол өз сөзінде жұмысын аса қызығушылықпен атқаратын адамды мұндай қиындықтар алаңдатпайтынын айтты. Ал бұл салаға қызығушылық танытатын жастарға ең бірінші сапалы білім алуға кеңес берді. Себебі қызметте түрлі қылмыскер кездеседі. Оның қорғаушы адвокаты болады. Тергеуші олардан бір саты жоғары тұруы үшін жақсы білім алуы керек. Сонымен қатар өз сөзінде тергеуші бұл қызметтен қорқудың, жауапкершіліктен үркеудің еш қажеті жоқ екенін де айтты.

− Қызметке алғаш келген кезеңде жұмыс режиміне, ішкі тәртіпке үйрену қиын болды. Бұл кезеңде маған кеңестерін беріп, қызметте көп көмегі тиген сол кездегі жетекшім Дәулет Байменов, басшыларым Марат Алиев, Бауыржан Қопанов ағаларыма алғысым шексіз. Бүгін менің осындай жауапты қызметте еңбек етуіме ол кісілердің де елеулі үлесі тиді. Қазіргі кезде өзім де жас мамандарға бар білген-түйгенімді айтып, көмегімді тигізуге асығамын.

Әуелхан қалалық полиция басқармасының тергеу бөлімі бастығының орынбасарынан бөлек екі ұлдың әкесі. Отбасына да көп көңіл бөліп, бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарайтын ол болашақта балалары да бұл қызметті таңдаса еш қарсылық білдірмей, құптайтынын айтты. Ал бұл қызметте еңбек ету үшін білім алып жүрген жасөспірімдерге полиция болудан қорықпау керектігін жеткізді. «Бүгінде біздің қызметке мемлекеттен барлық жағдай жасалған. Жұмыс істеймін деген азаматқа қызмет қашан да табылады. Бастысы білім мен құлшыныс болуы керек. Еңбектенген адам, еңбек еткісі келетін адам ешқашан тасада қалмайды», − дейді ол.

А.НҰРАЗҒАЛИ

ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТТЕГІ НӘЗІК ЖАН

Полиция – бұл қатаң қызмет пен темірдей тәртіпті талап ететін қызмет. Алайда жауапкершілігі мол бұл салада еңбек етіп жүрген аяулы аруларымыз да бар. Нәзіктік десе ең алғаш ойға келетін әйел қауымының ішкі істер органында еңбек етуі бүгінде таңсық емес. Алайда осынау қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызметте елеулі еңбек етіп келе жатқан нәзік жандар қашанда мақтауға лайық.

Қалалық полиция басқармасы жергілік полиция бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінде еңбек ететін Айжан Акбар 2010 жылдан бері полиция қызметкері. Өзінің академияда оқып жатқан ағасына қызыққан, одан бөлек нағашы атасының жолын қусам деген арманмен Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында білім алған. Тергеу-криминалист мамандығында білім алған азаматша ең алдымен тергеуші болып қызмет атқарған.

− Бұл қызметтегі әйел адамға ең бірінші кезекте отбасы мен қызметті қатар алып жүру қажет. Бала тәрбиесі, отбасының қамын ойлаумен бірге жұмысты да жүйелі жүргізуіміз керек. Мұндай қиындыққа біздің полиция арулары еш мойымайды. Олар барлығына үлгеруге, әр істі тиянақты жүргізуге әбден үйренген, − дейді полиция капитаны Айжан Мақсұтқызы.

Бүгінгі күні қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінде еңбек ететін полиция кәмелетке толмаған балалармен жұмыс істейді. Бей мезгіл уақытта балалардың көшеде жүрмеуінен бастап жасөспірімдер арасындағы қылмысты болдырмау секілді міндеттерді атқаратын азаматша қызметіне адал. «Әлі күнге дейін топтық төбелестер тоқтамай тұр. Соның барлығын күндізтүні бақылап, қылмысты болдырмау мақсатында еңбектеніп жүрміз. Қиын қызмет болғанмен осы саланы өзім таңдап келгендіктен, өзім қалаған мамандық болғандықтан мұндай қиындықтарды тез ұмытасың. Жұмыс барысында кейде моральдық қиындық та кездеседі. Мәселен, қоғамда өз баласының тағдырына, өміріне бей-жай қарайтын ата-аналар бар. Ювеналды полиция бөлімшесінің мамандары ондай адамдарды ата-ана құқығынан шектеуге, айыруға жұмыс істейді. Алайда өзің ана болғандықтан, баланың ата-анасыз өмір сүруі қиын екенін білгендіктен жаныңа бататын кездер болады. Сол үшін көбіне баланың әкесі не анасының түзелуіне, балаға дұрыс қарауға үгіттейміз», − дейді ювеналды полиция қызметкері.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл салаға келу үшін ең бірінші тәртіп пен адалдық болуы керек. Полиция қатаң тәртіптің адамы. Сондықтан аталған қасиеттердің алар орны ерекше. Ал формадағы аяулы жанның бойында мұндай қасиеттерді қалыптастыруға ең алдымен оқу орны, содан кейін қызметінің бірінші жылдарында тәлімгерлік еткен Айгүл Досымова өз үлесін қосқан. Нәзік жанды құқық қорғау қызметкері бүгінде зейнет жасындағы апайына және тергеуші Бақытжан Қапбарға алғаусыз алғыс білдіретінін де жасырмады. Алдағы уақытта кейіпкеріміз де қызметін адал, аман-есен атқарып, осы саладан зейнетке шығуды мақсат еткен.

«Мен үшін полиция – қоғам тыныштығын сақтаушы, көпшілік үлгі алатын азамат. Бүгінде біз қоғамның оң пікірін қалыптастыру үшін, қылмысты азайту мен қылмыскерді жауапкершілікке тарту үшін барлық күшімізді салып еңбек етіп келеміз. Енді тек әр азамат өзіне жүктелген жауапкершілікті сезініп, заң алдында ар тазалығын сақтағаны қажет», − дейді учаскелік полиция инспекторы Айжан Мақсұтқызы.

Ювеналды полиция қызметкері отбасында да балаларынан ең алдымен тәртіпті талап етеді. Өзі осы салада қызмет етіп жүргендіктен балаларының бей-берекет көшеде жүрмеуін, өзгенің ар-ожданы мен денсаулығына зиян келтірмеуін ескертіп отырады. «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы бекер айтпаған. Балаларыма да осы ұғымды түсіндіріп, әркез адалдық және адамдық қасиеттерін сақтап қалуын саналарына сіңдіріп отырамын», − дейді кейіпкеріміз.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ТЕҢБІЛ ДОПТЫ ТУРНИР

Соңғы жылдары елімізде спорт саласын қарқынды дамыту мақсатында түрлі бастамалар қолға алынып, ірі жобалар жүзеге асуда. Өткен аптада Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Қызылорда облысы әкімінің кубогы үшін қаламгерлер арасында шағын футболдан республикалық турнир өтті. Сыр өңірінде алғаш рет ұйымдастырылған додаға Нұр-Сұлтан, Алматы, Талдықорған, Шымкент қалалары мен Жамбыл, Түркістан облыстарынан барлығы 9 команда бақ сынады. Қатысушылар тың дайындықпен келген. Екі күнге созылған дода тартысты өтті.

Алғашқы күннің нәтижесі бойынша жартылай финалға «Хабар», «Экспресс-К», «Қарекет» және «Ақмешіт» командалары шықты. Финалда пенальтиде басым түскен «Экспресс-К» командасы Қызылорда облысы әкімінің кубогы үшін өткен республикалық турнирдің чемпионы атанды. Жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне қала әкімі Асылбек Шәменов қатысып, қонақтарға жылы лебізін білдіріп, алғысын айтты. Додада оза шапқан «Экспресс-К» командасы арнайы кубокпен, медальдармен және 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйлықпен марапатталды. Екінші орынды жеңіп алған «Хабар» командасы – 700 мың, ал, қола жүлдегер атанған «Ақмешіт» командасы 400 мың теңге, төртінші орын иемденген «Қарекет» командасына 200 мың теңге табысталды.

Мерекелік шара қорытындысында барлық қатысушылар арнайы дипломдармен және бағалы естелік сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік ойыншы» аталымдары бойынша көзге түскендер де сыйлықтан құр қалған жоқ.

Атап айтсақ, «үздік ойыншы» аталымымен ардагер журналист Шоқан Махан (Алматы) марапатталса, «Қарекет» командасының ойыншысы Есболат Айдаболсын «үздік шабуылшы» деп танылды. Ал «Тараз пресс» командасының ойыншысы Айбек Қабылша «үздік қақпашы» атанса, турнирдің «үздік қорғаушысы» номинациясымен Шымкент қаласынан келген Арай Есенбек марапатталып, қаржылай жүлде табысталды.

Республикалық турнир барысында журналистер қауымы ортақ іске күш біріктіре алатындықтарын дәлелдеп шықты. Әсіресе аға буын мен кейінгі толқын журналистері арасындағы ынтымақтың биігіне шыға алғандығы даусыз. Еліміздің түкпір-түкпірінен 100-ге жуық БАҚ өкілінің басын қосқан додада қатысушылар қонақжай Сыр өңірі жұртшылығына ризашылығын білдірді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Суретті түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ЖУРНАЛИСТ БАСҚА МАМАНДЫҚТА

ЖАБЫҚ ЕСІК ІШІНДЕГІ ӨМІР

– РЕПОРТАЖ –

АҚ ПЕН ҚАРА

Әдетте түрме, тергеу изоляторы дегенді естігенде сабырлы қалпыңды сақтап тұра бересің ғой. Алайда оның ішкі аурасын сезіну, көру секілді дүниелер санаңа салмақ салмай қоймайды екен. Әйткенмен біз осы тақырыпты қаузамаққа бекіндік. Сөйттік те жазғымыз келетін дүниенің нобайын әуелі қағаз бетіне түсірдік. Содан соң мекемеге хабарласып, баратын күнді белгіледік.

Уәделі күн жетті. Көлікпен қаланың тар көшелерін қуалап келіп, төрт қабатты, сырты биік қабырғалармен қоршалған тергеу изоляторына жеттік. Алғашында алып қорғанның сұлбасындай көрінген бұл мекеменің іші тіптен суық көрінді.

Изоляторға кірген бойда бізді мемлекеттік тілде аудармашы маманы Раушан Әбдірахманова күтіп алды. Бүгінгі жолбасшымыз – осы кісі. Әуелі тексерістен өтіп, сосын апаймен ішке беттедік. Байқағанымыз, мұнда айналаңдағылардың бәрі саған жат көзқараспен қарайды екен. Ал онда отырған әрбір адамның жүзінде қалың бір ой қылаң береді. Бір қарағаннан түсінгеніміз, түйгеніміз бұл. Мұнда тағдырдан тепеўіш көргендер де, талайдың тағдырын тәлкек еткендер де бар. Тек оны өз аузынан естуге еш мүмкіндік жоқ. Хош. Барлық ойды ысырып қойып, күзетшінің киімін кидік те, тергеу изоляторының қызу тірлігіне кірістік.

ТЕМІР ЕСІКТЕН ЕНГЕНДЕ...

ЗК-169/1 тергеу изоляторындағы жұмыс мекеменің кіре берісіндегі фронт-офистен басталады.

Мекемедегі қызметкерлерден бастап, кіріп-шыққан әрбір келушіні жіті тексеретін бұл күзет қызметі мұнда маңызды рөл атқарады. Айыпталушылар мен күдіктілер, тергеудегілер және шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталған азаматтар ұсталынатын бұл тергеу изоляторының сыйымдылығы – 430 адам. Осыншама адамға келетіндерді қабылдап шығаратындар да осылар. Мекеме келушілерге таңғы сағат 8-ден бастап, 19-ға дейін қызмет көрсетеді. Мекемеге жақындарымен көрісуге не сәлем-сауқат жеткізуге күніне шамамен 120-ға жуық адам келеді.

Иә, мекеменің келушілерге алғашқы қызметі осы тұстан басталады. Мұндағы бақылаушылар, әсіресе аға бақылаушы «Режим және күзет» бөлімі (РжКБ) тексеру тобының аға жедел уәкілі Ерлан Ибраимов барлық келушілерді жылы жүзбен қарсы алып, азаматтардың сұрақтарын мұқият тыңдап, толық кеңес береді. Одан соң әр заңды өкіл мен адвокат не тергеушілерді кезекке тіркеп, кіру талондарын ұсынады. Кезек күту уақытында, күтушілер тарапынан ешқандай дау-дамайдың туындап кетпеуін қадағалайды. Сондай-ақ жабық мекемеге сырттан келушілерді тінту, тексеру жұмысын да жүргізеді. Әрі тыйым салынған заттардың өтіп кетпеуін қадағалау осылардың жауапкершілігінде. Аталған бақылау бөлімінің қырағылығының арқасында биыл ешқандай тыйым салынған заттардың ішке алып өту фактісі тіркелмеген.

АЙЛАЛЫ ӘРЕКЕТТЕР АЙҒАҚТАЛАТЫН ЖЕР

Мекеменің екінші тексеру бөлімі «Сәлем-сауқат» бөлімі деп аталады. Мұндағы жұмыс таңғы сағат 8:30-18:30 аралығында жүреді. Мұнда келушілер темір тордың ар жағында отырған танысына тамақпен өзге де қажетті заттар әкеледі. Соны қабылдап, тыйым салынған заттардың өтіп кетпеуін РжКБ-ның қатардағы бақылаушылары Қанат Сақтағанов пен Гүлдана Балбатырова қадағалайды.

Мұнда қырағы болмасаң қиын. Қиыннан қиыстырып, тағамның не сусынның ішіне тыйым салынған зат салып, қамаудағыларға жеткізетін келушілер де болады екен.

Мәселен, өткен мамыр айында сәлем-сауқат қабылдау бөлмесіне келген бірнеше азаматтың азық-түліктері арасынан тыйым салынған зат тәркіленген.

Сөзімізге дәлел болсын, соның бірнешеуін осы тұста айта кетейік. Сырттай қарағанда бір литрліктен екі пластмасса құтысындағы салқын суды ешкім ажырата қоймайды ғой. Алайда, оны әкелген азамат мұндай сұйықтықтардың да ашылып тексерілетінін білмеген болуы керек. Сақ бақылаушы құтыны ашып көргенде спирттік ішімдіктің, нақтырақ айтсақ, коняктің исін бірден сезген. Енді бірі, ет тамақ ішінен фальга қағазына орап 1 дана «INOI» маркалы ұялы телефоны мен 1 дана «билайн» сим картасын өткізбек болған. Екеуінің де ісі айғақталып, сотқа жолданған. Бақылаушы Қанат Сақтағановтың айтуынша, егер келушіден тыйым салынған заттар тәркіленсе, алғашында ескерту, сосын айыппұл салынады. Үшінші рет қайталаса, екі айға қамауға алынады. Ал егер алда-жалда іштен тыйым салынған затпен ұсталғандар болса, оларға шара көріледі. Ондайларға алдағы сот процесінде жеңілдіктер жасалмайды.

– Жалпы нұсқаулыққа сәйкес, 1 адамға 20 келіден аспайтын сәлем-сауқатқа рұқсат беріледі. Спирттік заттар мүлдем алынбайды. Не зат әкелсе де сол 20 келіден аспауы қажет. Оның ішіне суы, киім-кешегі мен тамағы кіреді. Сәлем-сауқатқа келген тамақтардың барлығын мұқият тексеріп аламыз. Шұжықты 3-4 бөлікке бөліп тастаймыз. Сулардың аузын ашып иіскейміз, ал іші көрінбейтін, түсі бөлек сулардың ішіне мынадай темірді салып, араластырып көреміз. Бұл ішінде артық зат болмас үшін. Одан бөлек, сүттерді каропкамен емес, арнайы құтыға құйып тексереміз. Назардан ештеңе тыс қалмайды. 500 дана кәмпит алып келсе, бәрін ашып тексереміз.

Тергеу изоляторында айыпталушылар мен сотталғанға дейінгі азаматтар отыратын болғандықтан сәлем-сауқатты күнделікті қабылдай береміз. Жексенбі тазалық күні болып саналатындықтан басқа күндері күнделікті жұмыс істейміз. Ал абақтыдағы шаруашылық қызметіне қалдырылған сотталғандар күнделікті сәлем-сауқат қабылдай алмайды. Оларға заң бойынша айына екі рет қана сәлем-сауқат алуларына рұқсат етілген, – дейді бақылаушы Гүлдана Балбатырова.

Айтпақшы, осы тұста айта кетейік, жақындарына келген адамдар мұнда сәлем-сауқатпен шектелмейді. Олардың кездесуіне де жағдай жасалған. Бұл жерде қысқа мерзімді кездесу 2 сағатты құраса, ұзақ мерзімді кездесу 2 күнді құрайды. Яғни әйелі күйеуіне, не күйеуі әйеліне және өзге де туыстары екі күн арнайы бөлмеде қона алады. Оның ішінде жатын бөлме, асхана және әжетхана бар. Алайда ұзақ мерзімді кездесуге 6 айда бір-ақ рет рұқсат етіледі.

ТІНТУ КЕЛЕР ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Талай адамның тағдыры шешілетін бұл мекемеде ең бастысы – қырағылық. Тергеу иззоляторы толықтай бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Ал күзет қызметі ешнәрсені назардан тыс қалдырмайды. Өйткені сәл босаңсыса, қамаудағылар айласын асырып, ішке тыйым салынған заттарды алып кіруі бек мүмкін. Сондай айлалы әрекет болмас үшін бақылаушылар әрбір камераға тексеріс жүргізіп отырады. Тінту жұмыстарының қалай өткізетіндігі жайлы РжКБ-нің бастығы, әділет майоры Жаңаберген Мамай былайша баяндап берді.

– Тергеу изоляторы – қауіпсіздігі орташа мекеме. Бұл жерде күдіктілер, айыпталушылар мен тергеу қамауындағылар және бес жылға дейінгі бірінші рет бас бостандығынан айрылған сотталғандар қамауда ұсталады. Міне, осы азаматтардан мекемеде ұстауға тыйым салынған заттарды тәркілеу мақсатында, әр тоқсан сайын жылдық жоспарға сәйкес, жаппай тінту іс-шараларын өткізіп отырамыз.

Оған Қызылорда облыстық прокуратурасынан және департаментке қарасты осындай өзге тергеу изоляторлары мекемелерінің жеке құрамы шақыртылады. Осыдан соң тексеру тобы мен арнайы темір іздегіш құралдармен жасақталған жеке құрам, мекеменің арнайы контингент ұсталынатын ішкі ғимаратына кіргізіледі. Алдымен қамаудағы азаматтар арнайы алаңқайға шығарылып, олардың керуетіндегі көрпе-төсектері, шкафтарын жеке-жеке кезегімен қарап шығады. Одан кейін медицина бөлмелері, шаруашылық бөліміне қалдырылған сотталғандардың жатақханасы, асхана, монша, бу қазандықтары, тіптен санитариялық тораптарға дейін мұқият тексеріледі. Тінту жұмыстарына желілік емес локатор қолданылады. Барлық бекеттерге қызметкерлер, кинолог бақылаушылар жұмылдырылады, – дейді әділет майоры Жаңаберген Мамай.

Басы 1-бетте

Иә, мұнда әр адымыңды тексеріп отырады. Мекемеде қамаудағылармен қоса, қызметкерлер де жіті бақылауда. Яғни сыбайластық болмас үшін әрі нақты дәлелдемелермен жұмыс істеу мақсатында қызметкерлерге де бейнетіркегіш орнатылған.

– Мұндағы қызметкерлер киіміне портативті алып жүретін бейнетіркегіш орнатылған. Бұл – ІІО қызметкері аудио-бейне жазбаны жүзеге асыру үшін арналған техникалық құрылғы. Қызметкердің кеуде тұсында тұратын бұл бейнежетон сотталғандар мен тергеу қамауындағылардың тарапынан болатын құқық бұзушыларды қолда бар жазбалар бойынша тексеру процесін жеделдетуге арналған. Санамалап айтсақ, бейнежетон аудио-бейне жазуға, сапалы дәлелді базаны қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықты анықтау мен жеке құрам арасындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмас үшін қажет. Жалпы тексеру іс-шаралары мен түсіндірме жұмыстарының жазбаларын сақтау мерзімі 12 айды құрайды, – дейді әділет капитаны, мекеменің инжинер техник маманы Асхат Бердібек.

Еске сала кетейік, бұл төрт қабатты тергеу изоляторында сотталған әйелдерге арналған камералар бар. Соның ішінде емізулі баласы бар аналарға бөлек бөлме қарастырылған.

ТІРШІЛІК КӨЗІ

Мұндағы бір күн біраз нәрсеге куә етті. Мұнда мекеме қамауындағыларды материалдық-тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз ететін «Тылмен қамтамасыз ету бөлімі» бар. Жолбасшымыз «бұл бөлім мекеменің – тіршілік көзі» дейді.

Мұндағы жұмыс қарбалас екен. Мекеме қамауындағыларды жылумен, тамақпен, күнделікті тұрмысқа қажетті заттармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мұндағы қызметкерлердің басты міндеті.

Бөлім бастығы Руслан Жолмановтың айтуынша, тыл бөлімі сотталғандар мен тергеудегілерді арнайы тамақтану, киіну, жеке-гигеналық заттарды үлестіру, төсек-орын жабдығымен қамтамасыз ету бойынша жұмыс істейді. Мұнда тұтқындар тұтастай камералық жүйемен ұсталады. Ал камераларға теледидар орнатылған. Онда барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталады. Камералар жылу жүйесімен жабдықталған және түнгі уақыттарда электр жарығы берілген.

– Мекемеде тұтқындағылардың тұрмыстық жағдайы күн тәртібінен түспейді. Өйткені мұнда келіп түскендердің әрқайсысына бірінші кезектегі қажетті жеке төсек орын, матрас, жастық және жапқыш, жеке керует беріліп, оның ақ жаймасы апта сайын ауыстырылып отырады. Аптасына бір рет моншаға түседі. Шаш, сақал мұрттары алынып, бет-әлпетін жинақы ұстауына да жағдай жасалған, – дейді комендант Қайрат Сыздықов.

Айтпақшы, бұл тергеу изоляторында отырғандарды керек-жарақпен, тамақ-сумен қамтамасыз етуге жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Мекеме мамандарының айтуынша, сотталғандардың бір күндік тамағына 7826 теңге жұмсалады.

Жазасын өтеушілерді азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі де өте жоғары. Мүгедектер мен белгілі бір сырқаты бар адамдарға арнайы норма бойынша ас-су дайындалады. Сонымен қоса ауысым уақытында инфекциялық аурулардың алдын алу мен иммунитетті көтеру мақсатында құрамында дәрумені мол тағамдар жиірек беріледі.

– Маған ҚР ҚК-нің 272 бабы бойынша айып тағылған. Ісім тергеуде. Жұмыссыз болғандықтан әр жерден тапқан табысыма артық таңсық тағамдарды сатып алуға қаражатым жете бермейтін. Ал бұл мекемеде ас әртүрлі мәзірмен дайындалады. Ыстық тағамдарға сиыр, тауық еттері үздіксіз қосылып жасалады. Бұдан бөлек, балық пен сүт өнімдері, жұмыртқа, кофе мен компот, сок және жеміс-жидектер соның ішінде лимон мен алма күнделікті беріліп тұрады, – дейді «С» есімді тергеудегі азамат.

Айта кетейік, мекемеде сотталғандар еңбекке тартылған. Изолятор 34 адамды жұмыспен қамтуға қауқарлы. Алайда бүгінде 11 сотталушы әртүрлі жұмыста қызмет етуде. Ал олардың айлық көлемі – 74 мың теңге. Айлықтың негізгі бөлігі бостандықтағы отбасына түсіп тұрады. Бір қызығы, сотталушылар мұнда да еңбек демалысына шыға алады.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕКТІҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Қоғамнан алшақтау – жазасын өтеуші үшін өте ауыр психологиялық стресс. Сондықтан психологтардың көмегенсіз сотталғандарды тәрбиелеу мүмкін емес. Содан да болар қылмыстық атқару саласындағы психолог маманның жұмысы сотталған не айыпталушы азаматтардың қамауға келіп түскен күнінен бастап, жаза мерзімін өтеу кезінен мекемеден босатылып шыққанға дейін жалғасады. Мұнда бұл іспен арнайы контингент арасында әлеуметтік психологиялық тәрбие жұмысы бөлімі айналысады. Бөлім бастығы, әділет капитаны Ардақ Тұрманов мұнда 6 қызметкер жұмыс жасайтынын айтты. Нақтырақ айтсақ, жасақ бастығы, 2 теолог, 2 психолог және 1 кітапханашы бар.

– Мекемеде экстремизм мен радикализм идеологиясын ұстанған жазасын өтеуші сотталғандардар арасында мінез-құлқы мен көңіл-күйін бір қалыпқа түсіру мақсатында жұмыс істейміз. Айта кетейін, мұнда діни мәселе бойынша түскендер бөлек ұсталады. Сондай-ақ олардың өзге пікірлестерімен қосылуына жол берілмейді.

Бұдан бөлек, кейде бірінші рет сотталғандар, сот үкімін естіген соң, терең күйзеліске түсіп кетуі мүмкін. Жаза үкімінің үрейі, алдағы темір торда өткізілетін бірнеше жылдар, міне осының бәрін жеңуі үшін қамаудағылармен профилактикалық және психикокоррекциялық жаттығулар жүргіземіз. Бұдан бөлек майнд-машинаны қолдана отырып, релаксация жасалады. Сондай-ақ сурет салу арқылы ішкі эмоцияларын шығарып, жеңілдеулеріне түрлі көмек көрсетеміз, – дейді ЗК-165/1 тергеу изоляторының аға инспектор психологы, әділет капитаны Айзат Мырзалы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК МАҢЫЗДЫ

Мен үшін беймәлім бұл мекемеден айналдырған бір күнде көп нәрсе білдім. Әр бөліміне соғып, немен айналысатынынан хабардар болдым. Әр бөлім мекеме жұмысының жүйелі жүруіне әсер етеді. Мекемедегі тағы бір маңызды бөлім – медицина бөлімі.

– Темір тордың арғы жағында жазасын өтеп жатқан адамдардың денсаулығын сақтау ЗК-169/1 тергеу изоляторының медицина қызметкерлері үшін маңызды мәселе. Сондықтан мұнда олар жіті тексеру жұмыстарын жүргізеді. Оның ішінде мекемеге жаңадан келіп түскендер мен айдауылданып кететіндер, босатылар алдында және 6 ай сайын флюграфиялық, АИТВ тексеруден өткізіліп, дене жарақаттарының бар-жоғы медицина қызметкерлері тарапынан тексеріліп тұрады, – дейді фельдшер Назар Талғат.

Иә, мұнда сотталғандар мен айыпталушылар арасында ауру мен өлім жағдайларын төмендетуге бағытталған сақтық шаралары алдын ала жүргізіледі. Ауруға шалдыққандарға уақытылы диагноз қою мақсатында қалалық емханалардан арнайы мамандар шақыртылып, терапевт, стомотолог, хирург, уролог және дерматолог пен психиятор дәрігерлердің тексеруінен өтеді. Бұл – дәстүрлі жұмыстар.

– Қалай десек те, изолятор мен еркіндікте жүрген адамның арасында айырмашылық болады. Сондықтан уақытылы тексерістер жүрек-қантамыр ауруларын, қант диабетін, қан қысымы ауруларын олардың қауіпті факторларын, сондай-ақ гепатиттерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Ерте сатыда анықтау аталған сырқаттарды жеңіл емдеуге және инсульт, инфаркт, соқырлық, бауыр циррозы сияқты асқынулардың алдын алуға ықпал етеді. Цироздың пайда болуына ықпал ететін патологиялық өзгерістерді, сондай-ақ ерте даму сатысындағы ісіктерді анықтау үшін керек, – деді терапевт дәрігер Мөлдір Жақыпова.

Мекеме мамандарының айтуынша, облыстық медициналық орталық пен қалалық емханада қамаудағылар үшін арнайы 2 бөлмеден қарастырылған. Бір бөлмесі 10, екінші бөлмесі 4 адамдық төсек-орынмен жабдықталған. Терезелері темір тормен қапталған.

P.S. Жолбасшымыз Раушан Әбдірахманова бір күн бойы осылай біраз дүниені көрсетті. Білмегенімізді айтты, түсіндірді. Алғашында бейқам кірген біз, еңсемізді зіл басқандай, күрсініп шықтық. Өйткені мұнда талай тағдыр түрме мен бостандықтың алдында тұрғаны ойдан бір шықпай қойды.

Хош. Бір күндік репортаж барысында осылайша ЗК-169/1 мекемесінің тыныс-тіршілігімен танысып, тергеудегілер, айыпталушылар һәм сотталғандардың хал-ахуалынан шет жағалай хабардар болдық. Мекемедегі әр бөлімнің маңыздылығын және нендей қызмет атқаратынын көзбен көрдік.

Жалпы мұнда отырған қамаудағылардың бірі білместіктен, бірі аңдаусызда қылмыс жасап, темір тордың арғы жағында отыр. Темір тордың арғы жағында да өмір бар. Дегенмен еркіндікке ештеңе жетпейді. Сондықтан қадамын қате басқандар қымбат уақытын ұрлаған қателіктерден сабақ алса екен дейміз.

Ақтілек БІТІМБАЙ

Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ЖАҢА МИНИСТРЛІКТЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

Басы 1-бетте

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, бұл шешім Білім және ғылым жүйесін одан әрі дамыту үшін маңызды болып табылады. Сонымен қатар осы саланы дамытуда Президенттің алға қойған міндеттеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Жаңа жұмысына кіріскен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қазақстан ғылымын танымал ету маңызды екенін айтып өтті. Оның айтуынша, жаңа министрліктің басты бағыттарының бірі – ғылымды дәріптеу. «Қазір ғылымды қайтадан танымал, қызықты ету, ғылыми мансаптан үлкен мансаптық трамплин жасау өте маңызды. Әлемді және елімізді алға жылжытып, жақсартатын адам ретінде ғалым мәртебесін қайтаруымыз керек» деген ол БАҚ-қа берген сұхбатында.

Қазіргі уақытта әлемдегі экономикалық тұрғыда дамыған елдердің аса маңызды бәсекелестік артықшылығы – білім, ғылым және жаңа технологиялар екені белгілі. Сондықтан да жастар білімге ұмтылып, оларға мемлекет тарапынан қарқынды қолдау көрсетілуі қажет. Соңғы жылдары үкімет дарындыларды іздеу мен қолдауға бағытталған бірқатар бағдарламаны жүзеге асырып жатыр. Мәселен, қазіргі уақытта 40 процентке жуық студент осы саланың биік белестерін бағындырып жүр.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанда ғылым саласында 21782 адам қызмет атқарады. Олардың үштен бірінің ғылыми дәрежесі бар, оның ішінде 1697 ғылым докторы, 4165 ғылым кандидаты, 1340 PhD докторы, 293 ғылым докторы атағына ие.

2020 жылы ҒЗТКЖ кәсіпорындарының саны 373-ке жеткен, олардың 50%-дан астамы бизнес және коммерциялық емес секторларға тиесілі.

Осы жылдың наурыз айындағы мәліметке сүйенсек, министрлік 10 басым бағыт бойынша қазақстандық ғалымдардың 1169-ға жуық ғылыми зерттеуін қаржыландырады, оның ішінде 317 гранттық жоба жас ғалымдарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған. Бұл көрсеткіштерге қарап, ғылым саласын ұдайы дамытуға, перспективасы бар ғылыми зерттеулерді қолдауға, ұлтымыздың зияткерлік әлеуетін арттыруға айрықша көңіл бөлініп келе жатқанын аңғаруға болады.

Ел боламын десең, білім мен ғылымды түзе. Президент Қасым Жомарт-Тоқаев елімізде білім беру мен ғылымды дамыту үшін бірқатар мақсат қойды. Министрліктің екіге бөлінуі де осы талаптарды орындау мақсатында жасалған жұмыстардың негізі секілді. Яғни Мемлекет басшысы алдағы уақытта ғылымды дамытуға аса маңызды басымдық беріп отыр. Қазақстанда ғылымды дамыту саласы әлемдік үдеріспен қатар келе жатпағаны белгілі. «Жаңадан құрылған министрлік осы бағыттың дамуы үшін қандай қолдау жасауы мүмкін?» – деген сұраққа жауап іздегенді жөн көрдік.

ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІНЕ БАСТАҒАН ҚАДАМ

– Ғылымның дамуы – елдің дамуына септігін тигізетін негізгі фактор. Жаңа Қазақстанды құруда ғылым жаңалықтары мен жетістіктерінің маңызы зор. Сондықтан мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрлігін екіге бөліп, елдегі жоғары білім сапасын арттыру мақсатында Ғылым және жоғары білім министрлігін құрды. Осы арқылы жоғары оқу орындарының халықаралық стандартқа сай дамуы үшін келелі жұмыстар жүзеге асырылады деп білемін.

Соңғы екі жылда ғылымды республикалық бюджеттен қаржыландыру 2 есеге өсті. Егер бұрын гранттық қаржыландыру конкурсы 3 жылда 1 рет өткізілсе, 2020 жылы – 5, 2021 жылы – 6 конкурс өткізілді. Бұл өз кезегінде Қорқыт ата университетінің ғылыми жобаларын қаржыландыру деңгейінің елеулі өсуіне әкелді. Мысалы, БҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы негізінде 2021 жылы 11 жоба орындалды. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 20 процентке артық. Биыл жас ғалымдар жобаларын 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсында 1 жоба жеңімпаз атанды. 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру конкурсына университет ғалымдарының 21 жобасы Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы сараптамасынан өтуде. Одан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген қаражат негізінде жыл сайын археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуде.

Ел Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында әлемнің ғылыми орталықтарында жыл сайын 500 ғалымды бір жылдық тағылымдамадан өткізу міндеті қойылғаны белгілі. Біздің университеттің 7 ғалымы АҚШ, Германия, РФ, Беларусь елдерінің ғылыми орталықтарында кәсіби құзыреттіліктерін дамытуда.

Соңғы жылдары ғылым саласында біршама өзгерістер орын алуда. Жаңадан құрылған министрліктің алдында осы салада туындаған түйткілді мәселелерді шешіп, отандық ғалымдардың хал-ахуалын жақсарту міндеттері тұр. Сонымен қатар ғалымдардың санын көбейту, ғылыми эко жүйені нығайту сияқты мақсаттар қойып отыр. Ал ғылыми жаңалықтардың коммерциялық тиімділігін арттыру және ғылымды басқару жүйесін жетілдіру басты назарда болмақ.

Жаңа Қазақстанды құруда ғалымдарға зор жауапкершілік артылып отыр. Осы жаңа кезеңде министрлік отандық ғылымды дамытып, елімізді өркендетуге сүбелі үлес қосатын маңызды құрылым болатынына сенемін, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры, филология ғылымдарының кандидаты Бейбіткүл Кәрімова.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

– Соңғы жылдары «Педагог статусы» деген заң қабылданған

кейін жастар арасында педагог мамандығына деген қызығушылық пайда болды. Мұғалімдердің мәртебесі жоғарылады, айлық табысы көтерілді. Сол себептен де ғалымның статусы туралы заң қабылдайтын болса, ғылымның мәртебесі өсер еді. Көп адамдар педагогикалық пен ғылымды шатастырып жатады. Негізі екеуі екі бөлек дүние. Мәселен, педагог жақсы, мықты оқытушы болғанымен ғалым ретінде әлсіз болуы мүмкін. Ғалым мен педагогты шатастырмау қажет. Қазіргі таңда ғылымды қаржыландырудың көздері бар. Дегенмен дамушы елдермен салыстырғанда біздің елде ғылымға бөлінетін қаржының мөлшері аз. Сондықтан да осы салаға бөлінетін қаржының мөлшерін көбейту қажет. Жастардың ғылым саласына келмеуінің себебі тұрақты табыс жоқ. Басқа да мемлекеттік қызметкерлер тұрақты жалақы алады. Ал ғылымда жоба ұтып алған уақытта ғана ақша бөлінеді де, келесі жылы табыссыз қалады. Ғылымның қиын жері осы. Сондықтан да бұл саланы жас ғалымдар тұрақты айлық алатындай қамтамасыз ету керек. Осындай кедергілер Қазақстанда ғылымды дамыту кенжелеп қалғанын көрсетеді.

Иә, бүкіл ғылыми зерттеу жұмыстарының жүргізілуі қаржыға келіп тіреледі. Мысалы, химия, биология, физика, медицина, техникалық ғылымдар, ауыл шаруашылығы ғылымдары – барлығы қаржыны қажет етеді. Зерттеу үшін қаншама лабораториялық база, реагенттер, химиялық ыдыстар және тағы да басқа қондырғылар керек. Олар болмаса, ешбір ғалым ешқандай зерттеу жүргізе алмайды. Ғылыми зерттеу жүргізетін зертханалар болмай, «ғылымды дамытамыз» деу – бос сөз. Ғылыми қаржыландырудың базалық, бағдарламалы-нысаналық және гранттық деген үш түрі бар. Базалық қаржыландыру ғылыммен айналыспайтын, бірақ ғылыми мекемеде жұмыс істейтін бухгалтер, кадр маманы, еден жуушы сынды мамандарға тұрақты түрде жалақысын төлеуге, жарық, су, жылуға кететін шығынды өтеуге беріледі. Бағдарламалы-нысаналы және гранттық қаржыландыру тек конкурстық негізде өткізіледі. Яғни, жобасы өтпей қалған ғалымдар қаржысыз қалады.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің құрылуы біз үшін қуанттарлық жайт. Сонымен қатар Президент Ғылым академиясын дамыту туралы да айтып өтті. Айта кететін жайт, Ғылым академиясында жасы үлкен ескішіл ғалымдар әлі де бар. Сондықтан да бұл салаға да жаңа көзқарастағы жастар келуі қажет. Жастар ғылымның дамуына серпін беріп, өз үлесін қосады деп ойлаймын. Біздің елдің жоғарғы оқу орындарында ғалым дайындап шығатындай толық мүмкіндік бар деп айта алмаймыз. Техникалық ғылым саласын дамытуға мемлекет қызығушылығы болуы қажет. Осындай мүмкіндіктер арқылы елімізді дамытуға мүмкіндік болады.

Қай ел ғылымға көбірек қаржы бөлінсе, сол елдің экономикасы да, ғылыми әлеуеті, әлеуметтік жағдайы да жоғары. Яғни, бәрі ғылымға тәуелді. Ал кішкентай ғана қаржы беріп қойып, «біздің ғалымдар ешқандай нәтиже бермейді» деу дұрыс емес. Шынын айтқанда, жастардың қызығушылығын арттыру қаржыға келіп тіреледі, – дейді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің зерттеуші-профессоры Нұрбол Аппазов.

P.S. Ғылым, білім – өте маңызды. «Білімді мыңды жығады» деген даналық сөз бар. Білім – қазіргі аумалы-төкпелі заманда ең күшті, ең тиімді құрал. Білімді адам ғана барлық қиындықтан өтіп, биік белеске жетеді. Мемлекетіміздің болашағы білімді ұрпақ қолында екені анық. Сондықтан да жастар берілген мүмкіндікті пайдаланып, білімді болуға, ғылымды зерттеуге ұмтылу қажет. Бұл өзгеріс еліміздің оқу-ағарту, жоғары білім мен ғылым саласына тың серпіліс әкеледі деп сенейік.

АЛДЫМЕН АНА ТІЛІ...

Мектеп оқушыларына үш тілде білім беру мәселесі қоғамда аз талқыланған жоқ. Қарапайым халық қанша қарсы болғанмен, министрлік бұл шешімді қабылдады. Үштілділік мәселесін қыздықыздымен балабақшаға дейін енгізіп жібердік. Елімізде ондаған жылдар бойы үш тұғырлы тіл саясаты жүргізілді. Үш тілді білім беру ата-анаға да, оқушыға да салмақ салды. Оған өзіміздің көзіміз жетті. Әріп тани бастаған бүлдіршіндерге қазақ және ағылшын әріптерін қатар жаттатып, миларын ашыттық.

Биыл мектеп табалдырығын аттайтын бірінші сынып оқушысы тек қана қазақ тілін меңгереді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов кеңінен айтып өтті. Ал орыс тілі 2-сыныптан, ағылшын тілі 3-сыныптан бастап оқытылады.

– Ағылшын тілін білу қажеттілігіне күмәнданбау керек. Ғылыми мақалалардың 90 проценттен астамы ағылшын тілінде жарияланады, интернеттегі контенттің 60% ағылшын тілінде. Бастауыш сыныпқа келер болсақ, осы тақырып бойынша зерттеу мен талдау жүргізгеннен кейін біз бірінші сынып оқушысы үшін бірден 3 тілді меңгеру қиынға соғатынына көз жеткіздік, бұл тиімсіз. Мәселе – дидактика мен физиологияда. Біз бұл мәселе бойынша шешім қабылдадық және бірінші сыныпта қазақ тілінде оқытатын мектептерде бала бір ғана тілді – қазақ тілін меңгеруі, яғни алдымен өз ана тілінде оқу мен жазуды меңгеруі үшін жұмыс істеп жатырмыз. Екінші сыныпта бағдарламаға орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі қосылады. Орыс тілінде оқытатын мектепке келсек, 1-сыныпта орыс және мемлекеттік тіл, 3-сыныптан бастап ағылшын тілі болады, – деп айтып өтті министр.

Асхат Аймағамбетов әдістеме тұрғысынан алып қарағанда бұл дұрыс бағыт екенін де атап өтті. Мұндай зерттеулер мен ұсыныстар бұрын да болған, сол себепті оны енгізу жоспарланып отырғанын жеткізді.

«Бұл – дұрыс саясат» дейді мамандар. Рас, тіл үйрену үшін қажеттілік емес, қызығушылық болу керек. Ал мектеп табалдырығын енді аттаған балаға үш тілді бірдей меңгерту қиын болатыны белгілі. Сондықтан да 10-12 жасқа келгеннен бастап өзге тілге қызығып үйрене бастаса, тез меңгеріп алатыны анық.

– Ғалымдар адамның ойлау тілі және сөйлеу тілі болады дейді. Баланың ойлау тілі бастауыш сыныптарда қалыптасады. Толық қалыптасып болғаннан кейін ғана екінші тілді үйренуі керек. Сонда бала дүбәра болмайды. Тіл үйрену – қоғамдық құбылыс. Оны кез келген жаста меңгеріп алады. Биыл мектепке баратын оқушылардың тек қана қазақ тілін меңгеруі әсіресе, ата-аналарды қуантатыны анық. Қазақта «сүтпен сіңген сүйекпен кетеді» деген мақал бар. Демек біз мектеп табалдырығын аттаған балаға қазақ тілін қасиетті сүттей сіңіру үшін ана тіліне деген патриоттық сезімдерін ояту үшін жұмыс жүргізуге міндеттіміз, – дейді қаламыздағы Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектептің директоры Мақсұт Мүкеев.

«Ана тілі» газетінде жарық көрген Берік Бейсенұлының «Тілін білмеген, түбін білмейді» мақаласына көз жүгіртсек, «Швейцарияның атақты философы Жан Вильям Фринц Пиаженің зерттеуінше, бала 6-7 жасында өзінің қай ұлтқа жататынын сезіне бастайды. 8-9 жасында ана тілін, туған жерін, елін біледі, 10-11 жасында ол өзін сол ұлттың өкілі ретінде сезінеді. Ал ұлттық сана-

сезім мен белгілі бір ұлттың өкілі екендігін 10-11 жасында толық ұғады және сол ұлттың өкілі болып қалыптасады екен. Сонымен қатар Жапонияда бесінші сыныпқа дейін балалар тек қана жапон тілінде оқиды. Одан кейін ғана, ағылшын немесе өзге тілді оқыту жүзеге аса бастайды. Демек бесінші сыныпқа дейін өзінің ана тілінде оқыған бала өмір бойы өз тілін ұмытпайды. Бізге де жапондық осы дәстүрді енгізсе, еш артығы жоқ» деген деректер келтірілген.

Қуантатыны, қазіргі уақытта қазақ тіліне ерекше көңіл бөлініп келеді. Мәселен, еліміздегі 1-сыныпқа баратын балалардың 70 проценттен астамы қазақ тілінде оқуды таңдаған. Екі айдың ішінде ата-аналардан 250 мыңнан астам өтініш түскен. Биыл 1-сыныпқа 420 мың бүлдіршін барады деп күтілуде.

Балаға қандай тәрбие берсең, сол арқылы өсіп-өнетіні белгілі. Олай болса енді өсіп келе жатқан ұрпағымызды тек ана тілінде оқытуға шешім қабылдау құптарлық іс. Ұрпақ тәрбиесі қай кезеңде де маңызды. Балаларымызға қазақ тілін құрметтеуге, түсініп дәрежесін көтеру бағытында жұмыс істеу, бағдар беру – аға буынның міндеті. Тәрбие басы – тілден екенін ұмытпайық.

АТТЕСТАТ АЛҒАН КҮН

Биыл аймақ бойынша 7506 түлек алтын ұя мектеппен қоштасты. Бозбала мен бойжеткендердің бал-бұл жанған жүзінен шаттық шуағы сезіледі. Көңіл түкпірінде алаңдаушылық пен қимастық та жоқ емес. Бұл кеш олардың үлкен өмірге алғашқы қадамдары болмақ.

Қаламыздағы Ж.Қизатов атындағы №23 мектеп-лицейінің түлектеріне облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердаулетов аттестат табыстады.

– Бүгінгі жас түлектеріміздің әрқайсысы алтын ұя мектептерінде 11 жыл оқып, сапалы білім мен саналы тәрбие алып, «Өмір» атты үлкен теңізге аяқ басуда. Әрине, бұл өмірдің талай кедір-бұдыры болатыны сөзсіз. Мектеп қабырғасында алған білімдеріңіз осы жолда сенімді серік болады деп сенемін. Бар білімдеріңізді Жаңа Қазақстанның, туған жерлеріңіз Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне жұмсап, үлкен жетістікке жете беріңіздер, – деді Бағдат Камбозұлы.

Аймақтағы мектеп түлектері ішінде 6404 оқушы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысты. Оның 415-і «Алтын белгі» иегері атанып үміттері ақталды. Ал 804 оқушы «Үздік аттестат» иегері болды. Сонымен қатар биыл 15543 оқушы 9-сыныпты бітіріп, негізгі орта білім туралы аттестат алды. Оның ішінде 1765 оқушы «Үздік аттестат» иегері атанды.

Қаламыздағы Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейдің оқушысы Мадияр Мұзаппар «Алтын белгі» иегері атанды. Өз кезегінде біз де білім бәсекесінде даралanған түлектің қуанышына ортақтасып, қандай сезімде тұрғанын білдік.

– Ұстаз, шәкірт, ата-ана бәрі «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» білім шыңына жету үшін жұмыс істейді. Осындай табандылық пен ерен еңбектің арқасында оқушыларға 11 жыл білім береді. Уақыт шіркін, дегенін істейді. Кеше ғана киелі шаңырақтың табылдырығын аттаған бүлдіршін едім, 11 жыл зулап өте шығыпты. Сапалы да саналы білім нәрімен сусындатқан аяулы ұстаздарыма, мектеп ұжымына алғыс айтамын. Маған сенген жандардың үмітін ақтағаныма қуаныштымын. «Алтын белгіні» алу жолында көп күш жұмсалды. ҰБТ-ға алдыма мақсат қойып, дайындалдым. Болашақта еліме адал қызмет етуді армандаймын. Жас түлектерге сәттілік тілеймін. Біздің алға қойған жоспар мен мақсаттарымыз көп, – дейді Мадияр Болатбекұлы.

Бетті дайындаған **Айтолқын АЙТЖАНОВА**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4261 **Тапсырыс №1003**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА